



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

17 ақпан
сейсенбі
№13 (2225)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Ақ Олимпиаданың алғашқы алтыны!

Италияның
Милан қаласында
өткен қысқы Олимпиада
ойындары қазақ спорты
үшін ұмытылмас
сәттерге толы болды.
Ерлер арасындағы
мәнерлеп сырғанаудан
отандасымыз Михаил
Шайдоров Олимпиада
чемпионы атанып, ел
мерейін үстем етті. Бұл
– тәуелсіз Қазақстан
тарихындағы мәнерлеп
сырғанаудан қол
жеткен тұңғыш алтын
медаль. Шешуші сәтте
сыр бермеген спортшы
еркін бағдарламаны
мінсіз орындап, жалпы
291,58 ұпай жинады. Қысқа бағдарламадан кейін
бесінші орында тұрған Михаил шеберлігі мен
табаңдылығының арқасында қарсыластарын
басып озып, жеңіс тұғырына көтерілді.
Күміс медаль жапониялық Юма Кагиямаға
бұйырса, қола жүлдені тағы бір жапон
спортшысы Шун Сато иеленді.

4-БЕТТЕ

УАҚЫТ ТАЛАБЫ — ЖАҒҒЫРУ: Қазақстан реформалары білім кеңістігінде

Жаңа кезең: Қазақстандағы реформалардың мәні
мен маңызы

Сонғы жылдары Қазақстан ауқымды жаңғырту кезеңіне қадам басты. Саяси жүйені қайта құру, экономиканы әртараптандыру, әлеуметтік саясатты жаңарту, мұның бәрі елдің ұзақ мерзімді дамуына бағытталған реформалар кешенін құрайды. Бұл өзгерістер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Әділетті Қазақстан» бағыты аясында жүзеге асуда.

Конституциялық өзгерістер саяси реформалардың өзегіне айналды. Мемлекет басшысының өкілеттіктерін қайта қарау, Парламенттің ықпалын арттыру, Конституциялық сот институтын күшейту – құқықтық мемлекет қағидаларын нығайтуға бағытталған қадамдар. Бұл өзгерістер саяси жүйені бір орталықтан басқару моделінен тепе-теңдікке негізделген басқару үлгісіне көшіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар партиялық жүйені дамыту мен сайлау рәсімдерін жетілдіру қоғамдағы саяси белсенділікті арттыруға жол ашуы тиіс.

2-БЕТТЕ

ПЛАСТИК ҚАҚПАНЫ: ӘЛЕМ ДАБЫЛ ҚАҒУДА

Көп адам «пластик табиғатта ыдырап кетеді» деп ойлайды. Бірақ зерттеулерде жаппай қолданылатын пластик түрлері «табиғатта биологиялық жолмен ыдырамайды» деп нақты жазылған. Күн сәулесі материалды әлсіретіп, пластик сынып-үгітіліп, миллиметр мен микрометр деңгейіндегі бөлшектерге айналады. Бір бөтелке немесе пакет ұсақ бөлшекке айналған сайын жинау жеңілдейтін сияқты көрінеді, бірақ керісінше бөлшек ұсақталған сайын оны сүзгімен де, қолмен де жинау қиындай береді. Тағы бір алаңдатарлығы, «теңізге түскен пластик өзінің тез жоқ болады» деген үміт. Ғылыми деректер бойынша 2010 жылы пластик қалдықтары 4-12 миллион тоннасы теңіз ортасына түскені бағаланған. Бұл сан бір елдің емес, ғаламдық мәселеге айналды.

3-БЕТТЕ

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Сыр өңірінде инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы ірі жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Соның бірі – ел игілігіне жарты ғасырдан астам уақыт қызмет еткен «Қызылжарма» каналын заман талабына сай қайта жаңғырту жұмысы. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бұл жоба су ресурстарын тиімді пайдаланып, тұрғындарды аяқсумен қамтуға септігін тигізеді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылжарма» каналы мен Сағымбаев көшесінің жаңғырту жұмыстарымен танысып, жауапты сала мамандарына нақты міндеттер жүктеді.

«ҚЫЗЫЛЖАРМА» КАНАЛЫ ҚАЙТА ЖАҒҒЫРТЫЛУДА



1957 жылы салынған, ұзындығы 13 мың 800 метр болатын каналдың тозығы жеткен. Техникалық жағдайын жақсарту үшін арнаны бетон науамен жабықтауда. Ені 11 метр болатын науа қойылған соң су шығыны шамамен 50 пайызға қысқарады.

Жоба бойынша 9 мың 488 метр науа орнатылады. Аумақтың 34,3 гектары тазаланып, монолитті темірбетон конструкциялары тұрғызылады. Сонымен қатар 10 тіреу-бөгеттеу құрылысы, 2 құбырлы өткел, жаяу жүргіншілер көпірлері, диаметрі 200 мм-лік 87 су шығару құрылысы қойылады. Оған қоса 56 400 шаршы метр кеспетас төселіп, 126 орындық пен қоқыс жәшігін қою жоспарланған.

Заманға сай құрылыс мал шаруашылығын дамытуға, бау-бақша және жеміс-жидек егуге, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға оң әсерін тигізеді. Айта кетейік, жоба іске асқан кезде «КБИ», «Коммунизм», «Шанхай», «Гагарин» шағын аудандары мен «Қызылжарма» ауылдық округінде тұратын шамамен 48 мыңға жуық тұрғын аяқсумен қамтамасыз етіледі. Суару маусымында каналдан шамамен 9,3 миллион текше метр су жіберіледі. Құрылыс жұмыстарын «Бақ-Береке 2030» серіктестігі қолға алып, келісім шарт бойынша 14 ай ішінде аяқтайды.



– Тұрғындар арасында көптен бері ұсыныс айтылып жүрген еді. Сол ойымыз жүзеге асып жатқанына қуаныштымыз. Бетон науа арқылы көшемізге су шығын болмай, аяқсу келеді деп күтудеміз. Игілікті істің басына қарап бағалайтын қазақ халқы басталған іске сәттілік тілейміз, – делі қала тұрғыны Мейрамбек.

Әрі қарай аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы «Сағымбаев көшесін Торайғыров көшесінен «Қызылорда – Құмкөл» автожолына дейін қайта жаңғырту» жобасын жүзеге асыру барысымен танысты. Мұнда төрт жолақты 2,1 шақырым болатын жаңа автомобиль жолы салынууда.

Мердігер мекеме – «Қыран», техникалық қадағалаушы «СК Энерго Ойл», авторлық қадағалаушы «Проинсет» серіктестіктері. Жоспарланған жоба бойынша жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарық шамдары орнатылады. Жаңғыртылған жол көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

«Ақмешіт-ақпарат»

■ ҚЫЗЫҚ КӘСІП

КУРЬЕРДІҢ БІР КҮНІ

Бүгінде үйде отырып-ақ қалаған заттыңызға тапсырыс беруге, еш қиындықсыз дінтеген жерге жеткізуге болады. Бұрынғыдай арнайылап барудың қажеті жоқ. Сіз үшін курьерлер зыр жүгіріп қызмет етуге даяр. Тек ақысын төлесізсіз болды. Жеткізу қызметі қазір әр тұрғын үшін тиімді. Өзіңізге керек кез келген затты дүкендерден, жергілікті сауда орындарынан, тіпті ыстық тағамнан бастап, азық-түлік пен дәрі-дәрмекке дейін тапсырыс беруге мүмкіндік бар. Бүгінде курьерлік қызмет қарқынды дамып келеді. Курьер болып жүрген жастар аз емес. Олардың арасында студенттер де, дипломды мамандар да бар. «Қызық кәсіп» айдарында бұл жолы курьердің бір күнін жазғымыз келген. Сол сәтте «Facebook» әлеуметтік желісінен курьер қызметін атқарып жүрген Төлжан Иманәлінің жазбасын оқып, өзіне хабарластық. Оның жасы 49-да. Курьерлік қызметті көбіне жастар таңдайтыны белгілі. Жүгіріп жүріп, жұмыс істеу оңай емес. Ал елуді еңсеріп қалған нәзік жанның курьер болып жүргені бізге қызық көрінді.

– Жұмыс іздеп жүргенмін. Мамандығым бойынша жұмыс табыла қоймады. Фейсбуктағы бір досым: «неге курьер болып көрмеске?» деп кеңес берді. Бір қызығы, ол адамды мен өмірде көрмегенмін. Ол өз оқиғасын айтып беріп, ақыл-кеңес берді. Бүгінде курьер болып бала-шағасын асырап отырғанын айтты. Тиімді тұсы, айлықты күнделікті береді екен. Жұмыс кестесін де өзің қоясың. Маған бұл ұсыныс бірден ұнады, – дейді Төлжан Иманәлі.

4-БЕТТЕ

БАТЫЛ ШЕШІМ — ЖАҢА КЕЗЕҢ



Бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған жаңа Конституция жобасымен мұқият танысып шықтым. Жаңа жобада көптеген институттарға өзгерістер енгізіледі. Құрылтай, Вице-президент, Халық кеңесі деп аталатын қалыптасқан үрдістен мүлдем өзгеше субъектілермен қатар, халық арасынан шығатын мемлекеттік билікті еңсеретін өкілдің тек сотталғандығы бар азаматтар ғана емес, өмірінде бір мәрте болса да сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ (36 бап) деген алғаш рет норма қалыптасты. Бұл норма арқылы елімізде қазіргі таңда ең қауіпті індет сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар азаматтар ел билігінен алыстатылады. Әрине, бұл арнайы мемлекеттік қызмет туралы заңда көрініс табады деп ойлаймын.

Жобада бұрын-соңды болмаған мынадай норма қалыптасты (3 бап):

«1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидалары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды».

Бұл норма ел идеологиясының қандай бағытта болу қажеттігін айқындап отыр. Бір сөйлемнің ішінде адамзатқа және қоғамға қажет, жылдар бойы қалыптасқан құндылықтарды қамтып отырғанын көреміз.

Заң мен тәртіп үстемдігі бүгін ғана айтылып жүрген жоқ. Аталған категория бұл жерде әділеттілік, қамқор, білім, ғылым, отаншыл, мәдениет, бірлік, халық, прогресс, еңбек, экология, мұра деген ұғымдарды бір жерге тоғыстырып отыр. Осы ұғым қалыптасқан қоғамды, мемлекетті бақытты деп айтуға болады.

Көптеген нормаларда үйлесімділік қалыптасты. Мысалы, жобаның 4-бабында бұрынғы «олардың тежемілік әрі тепе-теңдік жүйесін» деген сөздердің орнына «Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну, өзара іс-қимыл жасау қағидаларына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады» өзгертілді.

Байқасаңыздар бұрынғы «тежеу» деген сөз айтыстырып тұрса, жобада «өзара іс-қимыл» деп, яғни бірлікке шақырып тұр деуге негіз бар.

Жобада басты құжатта болмаған жаңа норманың (5 баптың 6 тармағы) арнаулы құқықтық режиміндегі «қарқынды дамитын қала» деп аталатын аумақтық бірлікке қатысты, оның ел экономикасын көтеру үшін эксперименттік аймақ ретінде қалыптасуы елге енгізілетін реформалардың модельдерін сынап көру алаңына айналды, зардапты азайтуға, баламасы жоқ жаңа институт ретінде қарауымыз қажет.

Жобада мемлекетіміздің Егемендігі, оның бүкіл аумағын қамтитыны, аумақтық тұтастығы, бөлінбейтіндігі және қол сұғылмайтыны нақты бекітілгені (2 бап), жоғарыда арнайы аймақ туралы нормаға қайшы келмейді. Керісінше зардаптың алдын алады. Арнайы аймақта енгізілген жаңа идеялар жемісін берген жағдайда қалған аймақтарға таратылатын болады деп есептеу керек.

Дін және оның қоғам өміріндегі ролі туралы зайырлы ел бола тұра, радикалды тұжырымдардың қоғам өкілдерінің арасына қатты сіңіп мемлекеттілігіміздің шайқалуына әсер етіп, шешімін таба алмаған бұл проблемаға жаңа жоба нүктесін айқындап берді деп есептейміз. Жобаның 7 бабында «Дін мемлекеттен бөлек» деп анық көрсетіп берді.

Тағы бір осы тұрғыда, барлық дінге көзқарас ортақ дей отырып, кейде зайырлы ел екенімізді біле тұра арнайы норманың болмау салдарынан білім және ғылым ордаларында артықшылықтарды талап ететін жағдайлар болып келеді. Соның бірі оқушының киіміне қойылатын талапты оқу-ағарту министрлігі өзектілігіне келгенімен конституциялық тұрғыдан шектеулі болғандықтан қауқарсыз еді. Бұл жағдайға да жоба нүктесін қойды. Жобаның 33 бабының 5 тармағындағы «Дін білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие» деп жазылған норма ендігі жерде білім ордаларында ешқандай артық талап қоюға құқығы жоқ екенін айқындап берді.

2-БЕТТЕ

БАТЫЛ ШЕШІМ – ЖАҢА КЕЗЕҢ

Жобаның 12-бабында «Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады» деген норма қалыптасты. Қазіргі басты құжатта «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деп шектелген. Егер еліміздің азаматы басқа елдің де азаматы болып шықса, біз «оған оның болмайды, ондағы азаматтығыңыз бізде танылмайды» деп қайыруымыз керек. Бұл әрине абсурд, ақылға қонымсыз. Ал жобادا ұсынылған норма бұл жағдайды тиісінше нақтылады.

Зайырлы ел деп атап, діни термин болып саналатын «имандылық» деген сөз қолданыстағы басты құжатта 2 рет пайдаланылады екен. Жобادا оның орнына «адамгершілік» деп ауыстырылды.

Енді Құрылтай туралы бірер ойлар. Парламент палаталарының депутаттарының бір бөлігін, Президент, тағы бір бөлігін Қазақстан халық ассамблеясы тарапынан сайланатын (тағайындалатын). Бұл бір түсініксіз жағдайға нүкте қойылды. Құрылтай 145 депутаттан тұрады. Олардың барлығы тек сайлау арқылы анықталады. Басқа артық ерекшеліктер жоқ.

Халық кеңесі туралы айтпай кетсек түсінбестік болар. Бұл жоғары кеңесші орган. Құрамы өз азаматтарымыздан құралады. Ал өкілеттігі және ұйымдастыру мәселелері арнайы заңда айқындалады деп көрсете отырып, дегенмен негізгі қызаретін жобада айқындайды. Олардың қатарына 1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары; қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту; Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидадарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді; 2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді; 3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

Басы 1-бетте

УАҚЫТ ТАЛАБЫ — ЖАҢҒЫРУ: Қазақстан реформалары білім кеңістігінде



Экономикалық реформалар: тұрақтылық пен әртараптандыру

Экономикалық салада басты назар бюджет тұрақтылығы мен экономиканы әртараптандыруға аударылып отыр. Салық жүйесіне енгізілген өзгерістер мемлекеттік кірістерді арттыруды көздейді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляцияны тежеу, қаржы нарығын тұрақтандыру және цифрлық қаржы құралдарын енгізу бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Сарапшылар цифрлық теңгеңі енгізілуі қаржы айналымының ашықтығын арттырып, көлемкелі экономиканы азайтуға ықпал етеді деп есептейді.

Индустриялық саясат та жаңаша сипат алуда. Өңдеуші өнеркәсіпке, агроөнеркәсіп кешеніне және логистикаға инвестиция тарту арқылы Қазақстан шикізаттық тәуелділікті төмендетуге ұмтылуда.

Әлеуметтік бағыт: халықтың ал-ауқаты — басты назарда

Реформалардың маңызды бөлігі — әлеуметтік саясат. Ең төменгі жалақыны арттыру, әлеуметтік төлемдерді индексациялау, білім мен денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту — халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған шаралар.

Дегенмен кез келген реформа қоғам тарапынан қолдауды қажет етеді. Сарапшылар өзгерістердің нәтижелі болуы олардың тиімді іске асырылуына және ашық диалогтың сақталуына байланысты екенін атап өтеді.

Халықаралық бедел және жаңа мүмкіндіктер

Қазақстан көпекторлы сыртқы саясатты жалғастырып келеді. Аймақтық тұрақтылықты сақтау, инвестициялық тартымдылықты арттыру және халықаралық әріптестікті нығайту - реформалардың сыртқы өлшемі. Табысты жаңғыру елдің халықаралық имиджін күшейтіп, Орталық Азиядағы жетекші рөлін бекемдей түседі.

Академиялық ортадағы талқылау: Есенов университетінің тәжірибесі

Басы 1-бетте

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында елдің әлеуметтік экономикалық даму бағыттары сараланып, алдағы кезеңге арналған негізгі басымдықтар айқындалды.

Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты жарты жылдан бері ұсыныс пікірлер қабылданған, жан-жақты пікір алмасқан. Былтыр қазан айынан бастап азаматтар пікір білдіруді бастады. eGov және eOtinish мемлекеттік цифрлық платформалары арқылы ұсыныстар келіп түскен. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдағы V отырысында Мемлекет басшысы реформаның маңызды тұстарын айтты. Барлық ұсынысты саралау үшін тек еліміздегі мамандардан 130 адамнан тұратын комиссия құрылды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде цифрлық платформаларды кеңінен қолданып, Конституциялық реформаға байланысты азаматтармен байланыс желілері тиімді жұмыс істеді. Соның арқасында шын мәнінде жалпыұлттық ауқымдағы талқылаудың мәні ашыла түсті.

— Осыған дейін Конституциялық комиссияның он отырысы өтті. Комиссия мүшелері түзетулердің аса көптігін ескере отырып, ортақ пайымға келді. «Ата-заңға жекелеген өзгеріс енгізу жеткіліксіз, қазіргі жағдайда жаңа Конституция қабылдаған жөн» деген байлам жасады. Соған сәйкес қаңтар айында жаңа Конституцияның алғашқы нұсқасы жарияланды. Бұл бастама қоғамның айрықша назарын аударды. Қоғамның саяси

орнына бос сөзді көбейтіп, қажетсіз «жол карталарын» әзірлеу — жауапкершіліктен қашу деген сөз. Алдын ала ескерту: ондай жағдайда қатаң шара қолданылады. Халықтың табысы артса ғана, нақты нәтижеге қол жеткіздік деп санауға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен бірге Президент Үкімет пен Ұлттық банкке бірлесіп нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуді тапсырды. Маңызды жұмысқа барлық мекеме өкілдері мен сарапшылар қатысуы тиіс екенін айтып, қолайсыз ахуалды шұғыл ретке келтіру қажеттігін ескертті.

Келесі бағыт — Жаңа Салық кодексінің тиімді енгізілуін қамтамасыз ету. Жаңа салық-бюджет саясаты теңгерімді сипат алып, экономиканы орнықты дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағдарлануы қажет.

Биыл күшіне енген Салық кодексі экономикадағы ашықтық пен тәртіпті күшейтуге ынталандырып, 180 мыңнан астам жаңа салық төлеуші заң аясында әрекет ете бастаған. «Үкіметтің бағалауынша, салық реформасының нәтижесінде биыл бюджетке қосымша 4,4 триллион теңге түседі. Жоспар, әлбетте, көңілге сенім ұялатады», — деген Президент белгіленген көрсеткіштерге шамадан тыс салық салу, бизнесті заңсыз немесе негізсіз қыспаққа алу есебінен жетуге болмайтынын тапсырды.

— Бюджетті тиімді салықтық әкімшілендіру арқылы толықтыруға болады деп ойлаймын. Сондықтан салық жүйесін жаппай цифрландыруға шұғыл кіріскен жөн. Жазалаушы менталитеттен ары-

шаралар қабылдап, сапалы инвестиция тартуы керек, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуы қажет, — деп тапсырды Президент.

Әлем цифрлы дамуға ден қоюда. Биыл еліміз осы саланы дамытуға арналған бағдарламалар әзірледі. Цифрлық мемлекет құру мәселесіне айрықша көңіл бөлінуде. Себебі бұл Қазақстанның болашағына тікелей әсер етеді.

— Бас прокуратурада өткен жиында Үкімет мүшелері шашыраңқы жүйелердің басын біріктіруге қанша қаржы қажет екенін жария етті. Басын ашып айтайын, мұндай ақша жұмсалуды мүмкін емес. Ел аузында жүрген бір құрылысшы-шенеунік айтқандай, ақшасы болса, ғимаратты ақымақ та салады, ал осы міндетті қаржысыз шешуге шеберлік қажет. Ал шеберліктеріңізді көрсетіңіздер. Үкімет бюджеттен қыруар қаражат шығындамай, тапсырманы орындаудың жоспарын ұсынуға тиіс. Проблеманы қолдан жасап, оны шешу үшін мемлекеттен ауқымды инвестиция бөлеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Цифрлық трансформация кезеңінде, ең алдымен, жеке адамның мүддесіне нұқсан келуі мүмкін. Сондықтан дербес деректердің сенімді қорғалуын қамтамасыз етуге айрықша назар аудару керек. Дербес деректердің тарап кетуі, онлайн-алаақтық, жасанды интеллекттің қылмыс құралы ретінде пайдалану — мұның бәрі біздің елде де, шетелде де қалыпты жағдайға айналды.

Қаржылық мониторинг агенттігі мен басқа да құқық қорғау органдарын

жұмылдырып, киберқылмыспен және алаяқтықпен күресу үшін нақты шаралар қабылдап, ұлттық антифрод-орталығы 90 мың азаматты алаяқтардың арбауынан сақтап қалған.

— Әлеуметтік саланы цифрландыру мәселесі де өте маңызды. Былтыр республикалық бюджеттің 40 пайызға жуығы осы салаға бөлінді. Бірақ бұл қаражат қаншалықты тиімді жұмсалды деген орынды сұрақ туындайды. Сондықтан Үкімет үй шаруашылықтарының әлеуметтік цифрлық профилін қалыптастыруға тиіс. Сонда әлеуметтік көмек те шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға беріледі. Қаржылай төлемәкыдан бастап, азық-түлік, дәрі-дәрмек, баспана немесе білім алуға берілетін ваучерлерге дейінгі қолдаудың барлық түрі банк және төлем инфрақұрылымымен тығыз байланысты «Әлеуметтік әмиян» арқылы берілуі қолға алып, жыл соңына дейін іске қосу қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Президент отандық Аіту мессенджеріне тиісті деңгейде үкіметтің көңіл бөлмейтінін сынга алды. Тіпті оны мемлекеттік қызметкерлер де пайдаланбайтынын айтты. Халыққа қызмет көрсету орындарының орнын басатын EGov AI деп аталатын әмбебап жасанды интеллект-көмекшісін әзірлеу керек екенін тапсырды.

— Үкіметке 1 желтоқсанға дейін Бірыңғай мемлекеттік медициналық акпараттық жүйе құру жұмысын аяқтауды тапсырамын. Бұл барлық үдеріске бақылау жасап, басынан аяғына дейін қадағалап отыратын жүйе болуға тиіс. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің де барынша ашық болуын қамтамасыз ету керек. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жалған құжат толтырып, деректерді бұрмалайтын китүрқы жолдар бар екені анықталды. Мен Ұлттық құрылтайдың отырысында осы мәселеге арнайы тоқталдым. Бас прокуратура және тиісті құқық қорғау мекемелері барлық жымқыру әрекеттеріне қатысу бар адамдарды заң тұрғысынан жауапқа тартуы қажет. Білім саласында да неше түрлі алаяқтық әрекеттер бар болып шықты. Заңды бұзған азаматтарды міндетті түрде жазаға тарту керек, — деді ел Президенті.

Үкіметтің кеңейтілген отырысы елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындаған маңызды саяси алаң болды. Мемлекет басшысы нақты міндеттер жүктеді. Инфляцияны төмендету, экономиканы әртараптандыру, цифрлық трансформацияны жеделдету бойынша тапсырмалар берді. Жиында айтылған ұсыныстар халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталғанын байқауға болады. Үкімет пен жауапты органдар тапсырмаларды жүзеге асырып, қоғам күткен он өзгерістер орын алады деген үміт бар. Экономикалық саясаттың тиімділігі тек сандармен ғана емес, елдің күнделікті тұрмыс тіршілігінде көрініс табу қажет.

Думан КЕҢШІЛІК



мәдениеті және белсенділігі артып келеді. Бұл — менің саяси бағдарымда көрсетілген негізгі міндеттердің бірі, — деді Президент.

Қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру маңызды. Сарапшылар әлем экономикасының өсімі баяулап, халықаралық сауда қарқыны әлсірейді деген болжам жасауда. Дамушы елдерге салынатын жаһандық инвестиция көлемі азайып барады. Қаржы саласы тоқырауға ұшырауы мүмкін. Әр ел өз нарығын қорғау шараларын күшейтіп жатыр. Мемлекеттер арасында өзара тарифтік шектеу қою үрдісі бедеу алды. Жаһандану үдерісі кері сипат ала бастады. Мұның бәрі әлемдегі геосаяси ахуалды өзгертіп жатыр.

Ұлт мүддесін қорғау үшін экономиканы нығайтуға және дамытуға арналған нақты жоспар болуға тиіс. Дүние жүзіндегі экономикалық ахуалға қарамастан, былтыр экономика 6,5 пайызға өсім көрсетті. Ең алдымен, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға бағытталған жоспарлар алдыңғы орында. Үкіметтің алдында тұрған негізгі міндет ішкі жалпы өнім артқан сайын азаматтардың нақты табысы да көбеюі керек. Бұл мақсатқа жету үшін бізге бұған дейінгі өсімді қанағат тұтпайтын, қазіргі сын-қатерлерге желел жауап беретін, басымдықтар егжей-тегжейлі ойластырылған экономикалық саясат қажет.

Мемлекет басшысы мемлекеттік аппарат нақты нәтижеге жету үшін жұмыс істеп, оның игілігін бүкіл қоғам көруі тиіс екенін айтты.

— Алдымен инфляцияны ойға қонымды, қалыпты деңгейге түсіру қажет. Оның шарықтап кетуіне жол бермеу керек. Инфляцияның не себепті жоғары болып тұрғаны белгілі, кеселдің себебі анықталды. Енді осы мәселені шешу керек. Бірақ ұсынылатын шаралар елдің дамуына кері әсерін тигізбеуі қажет. Дәл осы тұста түрі пікір айтылып жатыр. Биылдан бастап жыл қатарынан инфляцияны төмендету үшін нақты шаралар қабылдау керек. Бірлескен іс-қимыл бағдарламасын сапалы орындау айрықша маңызды. Мәселені шешудің

латын кез келді. Салық органдары мен салық төлеушілер арасында серіктестік және өзара сенім қағидаты орнығуға тиіс. Мемлекет пен бизнестің тиімді ықпалдастығын жолға қою керек. Мұндай серіктестік әділдікке, өзара тиімділікке, тіпті экономиканы дамытудың маңызын түсіну тұрғысынан алғанда жауапкершілікке құрылуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылған мәселелердің бірі — мемлекеттің тиімсіз шығындарын барынша қысқарту үшін қолданыстағы бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау. Президент бұл істе Қаржы және Экономика министрліктері қатаңдық пен табандылық, кәсібилік танытуы керек екенін атап айтты. Басымдықтардың қайсысы бірінші, қайсысы кейін екенін нақты белгілеп алу қажеттігін нақтылады.

Бюджетті асығыс игеру үшін жыл соңында бюджетті игеру керек деген жарыс басталады. Мемлекет басшысы мұны «қаржыны онды-солды шашу» деп атады. Сондай-ақ Үкімет пен әкімдер бюджеттің игерілуі калуынан қауіптеніп, жобаларға қаржы бөлу тәжірибесін доғаратын кез келгенін, енді мұндайды мемлекет мүддесіне қасақана қарсы әрекет ету деп қарастырылатынын тапсырды.

— Өткен жылғы даму қорытындысы туралы айтар болсақ, аймақтардың экономикасы тұрақты өсіп-өркендеп келеді. Бірақ шешімін таппаған мәселелер бар. Аймақтардың инфрақұрылымымен қамтылу деңгейі орташа есеппен алғанда — 64,1 пайыз. Бұл көрсеткіш әр өңірде әртүрлі, айтарлықтай алшақтық бар. Қажетті инфрақұрылымның болмауы облыстардың дамуына және халықтың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізгіп отыр. Әсіресе, жаңадан құрылған Абай және Ұлытау облыстарында инфрақұрылым жеткіліксіз. Алматы облысында да ахуал маз емес. Бұл аймақтардың дамуына айрықша назар аудару қажет. Аймақ басшылары экономиканы әртараптан-дыруға және азаматтардың табысын арттыруға баса мән беруге тиіс. Инфляцияны төмендету үшін тиімді

Конституциялық соттың мәртебесі одан әрі жоғарылауда. Ендігі жерде Конституциялық Соттың түсіндірмесінде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс. Сонымен қатар Конституциялық Сот орындалуы Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс (75 бап).

Бұрын болмаған бұл норма Конституциялық соттың шешімінің тек қарары ғана емес, оның уәжін де дәлме-дәл қабылдау қажет екенін көрсетеді. Ал халықаралық құқық нормалары ендігі жерде ел мүддесіне қайшы келетін болса, оған да Конституциялық сот солай баға берсе, басқаша болуы мүмкін емес дегенді білдіреді.

Адвокат-қорғаушы статусы енді Конституциялық тұрғыдан айқындалды. Бұл жарыспалылық қағидасы дамуының жаңа бір сатысы деп тануымыз қажет. Әрине, адвокатура саласы үшін бұл әзірге бірінші қадам. Дегенмен басында айтып өткеніміздей бірінші қадам әрдайым қиын (86 бап).

Миранда ережесінің жобада бой көтеруі қуантарлық жағдай. Бұған дейін қылмыстық процесістік кодекстің 131-бабында болуымен шектеліп келген. Алайда кодекс иерархия бойынша 3-4 санаттағы заң құжаты (Конституция, Конституциялық заң, ратификацияланған халықаралық құжаттар). Енді жобаның 18-бабының 3-тармағында «Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негізі мен құқықтары түсіндіріледі» деп айқын жазылды.

Ерлан АЛТАЕВ,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Құқықтану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, адвокат

ПЛАСТИК КАКПАНЫ: ӘЛЕМ ДАБЫЛ ҚАҒУДА

Қазақстанда да «жынау өсіп, қайта өңдеу үлесі артып» деген мақсат бар, бірақ шешуші мәселе – сұрыптау сапасы, қабылдау нарығы және инфрақұрылым. Қазақстанның ресми статистикасы жылдар ішінде коммуналдық қалдық көлемі өскенін көрсетеді. «stat.gov.kz» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2019 жылы 2913 мың тонна жиналды, 2023 жылы 3298 мың тоннаға жеткен, қайта өңдеуге жіберілген көлем 2019 жылғы 151 мың тоннадан 2023 жылы 390 мың тоннаға дейін өскен.

Біріккен Ұлттар Ұйымы сарапшыларының айтуынша, пластиктің өзі ғана емес, «бір реттік» тұтыну мәдениеті көбірек зиян әкеледі. Бұл ойды «UNEP Өмірлік цикл жөніндегі бөлімшесінің» жасаған зерттеуі растайды. Оның нәтижесіне қарай, 2025 жылғы 3298 мың тоннаға жеткен, қайта өңдеуге жіберілген көлем 2019 жылғы 151 мың тоннадан 2023 жылы 390 мың тоннаға дейін өскен.

Біріккен Ұлттар Ұйымы сарапшыларының айтуынша, пластиктің өзі ғана емес, «бір реттік» тұтыну мәдениеті көбірек зиян әкеледі. Бұл ойды «UNEP Өмірлік цикл жөніндегі бөлімшесінің» жасаған зерттеуі растайды. Оның нәтижесіне қарай, 2025 жылғы 3298 мың тоннаға жеткен, қайта өңдеуге жіберілген көлем 2019 жылғы 151 мың тоннадан 2023 жылы 390 мың тоннаға дейін өскен.

Қазақстандағы ахуал

Әлемде пластик өндірісінің өсуі – жай ғана нарық көрсеткіші емес, басқару жүйелерінің мүмкіндігін оған қарай бағыттау. 2015 жылғы жылдық өндірісі бірнеше жүз есе өсіп, 380 миллион тоннаға жеткен. Қалдық көлемінің өсуіне «айналып қалған» пластиктің тек 9 пайызы ғана қайта өңделгенін көрсетеді. Бұл дерек «қайта өңделген бар» деген сөздің өз жеткіліксіздігіне куә болып отыр.

Қазақстандағы жағдайды «соқыс көбейді» деген бір сөйлеммен жабу қате. Экология және табиғат ресурстары министрлігінің сайты жарияланған жыл қорытындысына сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық түзіледі, ал 2025 жылғы жылдық өндірісі бірнеше жүз есе өсіп, 380 миллион тоннаға жеткен. Қалдық көлемінің өсуіне «айналып қалған» пластиктің тек 9 пайызы ғана қайта өңделгенін көрсетеді. Бұл дерек «қайта өңделген бар» деген сөздің өз жеткіліксіздігіне куә болып отыр.

Қазақстандағы жағдайды «соқыс көбейді» деген бір сөйлеммен жабу қате. Экология және табиғат ресурстары министрлігінің сайты жарияланған жыл қорытындысына сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық түзіледі, ал 2025 жылғы жылдық өндірісі бірнеше жүз есе өсіп, 380 миллион тоннаға жеткен. Қалдық көлемінің өсуіне «айналып қалған» пластиктің тек 9 пайызы ғана қайта өңделгенін көрсетеді. Бұл дерек «қайта өңделген бар» деген сөздің өз жеткіліксіздігіне куә болып отыр.

МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

Аймақ үшін Арал теңізі – аса өзекті мәселе. Өңірде «Су және білім» жобасы іске қосылып, Қазақстан мен Өзбекстанның балалары мен жастары арасында суға жауапты көзқарасты қалыптастыруға бағытталған бастамалар қолға алынды. Жоба Францияның Даму агенттігінің қаржылық қолдауымен және «UNICEF Kazakhstan» қатысуымен жүзеге асырылып, серіктес ретінде Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі, Аралды құтқару халықаралық қорының атқарушы комитеті сондай-ақ Қызылорда облысы әкімдігі жұмылдырылған.

Жобаның мақсаты – пилоттық мектептер желісін құру. Облыс бойынша 10 тірек мектеп тандалып, солардың бірі ретінде Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектепке облыс және қала мектептерінен 10 мектеп тартылды. Бұл тәсіл тәжірибе алмасуды жеделдетіп, су үнемдеу дағдыларын бір мектептің шеңберінде қалдырмай, тұтас қауымдастыққа таратуға мүмкіндік береді.

Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің жоспары су үнемдеу жобасы жүйелі енгізуді көздейді. Алдымен жоба мектеп ұжымында, оқушылар мен ата-аналар арасында талқыланып, сынып сағаттары мен ата-аналар жиналыстары арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

– Балалар қызықты форматта әрекетке тартуға құрылған. «Тиімді су тұтыну» тақырыбын, «Тамшының қызықты оқиғалары» атты эко-ертегілер сайысы, отбасы мен қауымдастыққа арналған челленджер, reels байқауы, мектепшілік дебат турнирлері және «Өзенді қорғайық» бастамасы аясындағы фото-бәйге мен фотоконкурс ұйымдастырылады. Көктем айларында «ЭкоFEST» өткізу, Қызылорда-Арал-Қармақшы аумақтарында «Су күні» іс-шарасын

ұйымдастыру және су үнемдеудің практикалық элементі ретінде тамшылатып суару технологиясы қолданылатын шағын учаске жасап, мектеп ауласын көгалдандыру жоспарланған, – дейді Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлжайна Қуандықова.

Жобаның ерекшелігі – жоғары сынып оқушыларымен бірге су клубын құру. Су клубы волонтерлік бастамаларды дамытып ғана қоймай, шағын ауданда да су үнемдеуді насихаттауды мақсат етеді. Бұл қоғам назарын су мәселесіне тұрақты аударуға бағытталған.

– Мектебіміз үшін «Су және білім» жобасына қосылу зор мүмкіндік. Бұл бастама арқылы оқушылар тек су ресурстары туралы теориялық мәлімет алып қана қоймай, күнделікті өмірде суды үнемдеп қолдануды үйреніп жатыр. Жоба барысында балалар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, үй мен мектептегі су шығынын есептеп, оны қалай азайтуға болатынын өздері ұсынады. Осындай тәжірибелік тапсырмалар олардың экологиялық ойлауын дамытып, жауапты азамат ретінде қалыптасуына әсер етеді. Бұл тек экологиялық емес, тәрбиелік жоба. Өйткені суға құрмет табиғатқа, өз туған жеріне құрмет. Сондықтан мектебіміз «Су және білім» жобасының қағидағтарын оқу-тәрбие үдерісіне тұрақты енгізіп, оны басқа сыныптар мен ата-аналарға да кеңінен насихаттауды жалғастыра бермек, – дейді К.Қарақозов атындағы №235 мектеп директоры Айдана Жауғашарова.

«Су және білім» – Қызылорда өңірінде экологиялық сананы жаңаша қырынан дамытып отырған маңызды бастама. Жоба аясында балалар суды үнемдеудің бүкіл өмірі үшін шешуші мәселе екенін түсініп қана қоймай, отбасында, мектепте, ауласында оны іс жүзінде дәлелдеуге үйренуде.

жойылады» деген үлкені емес, нақты басқарылатын орталық мәселе. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді.

Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді.

Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді.

Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді.

Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді. Бірінші бағыт – аралас биоматериалдар. Мария Л. Иглесиас-Монтес және әріптес ғалымдар көптеген компоста жасайтын материалдардың жасын көрсетеді.

Пластик жойылып кетпей

Био ыдырайтын пластик туралы сөз болғанда ең алдымен анықтаманы тазарту керек. «Био ыдырайды» деген белгі әр ортада бірдей болмайды. Бір материал өндірістік компост жағдайында тез ыдырауы мүмкін. Мұнда ең жиі қолданылатын құрақ топырақта бау жүруі мүмкін. Мұнда ең жиі қолданылатын құрақ топырақта бау жүруі мүмкін. Мұнда ең жиі қолданылатын құрақ топырақта бау жүруі мүмкін.



Курьердің бір күні

Курьерлік қызметке тіркелу аса бір қиындық тудырмайды екен. Алдымен курьер қызметі қосымшасына тіркелу үшін ресми сайтқа өтініш жазу керек. Әрі қарай тіркеліп, аккаунт ашу маңызды. Сонымен қатар зат тасуға арналған сөмке мен қосымша керек-жарағын сатып алып, сакадай сай болу керек.

Курьер болу Төлжанға қиындық туғызбаған сыңайлы.

– Мен Алматы қаласының сыртында, шамамен 15 шақырым жерде тұрамын. Жұмыс кестемді өзіме ыңғайлы етіп қойып алғанмын. Танғы сағат 10-да жұмысқа шығамын. Бұл маған тиімді. Бірінші күннің өзінде 7 тапсырыс түсіп, 12 мың теңге алдым, – дейді ол.

Оның айтуынша, қалада адаспау үшін 2GIS қосымшасын жүктеп алған тиімді. Картаға қарап отырып-ақ диттеген жерге жетеді. Қазіргі таңда ол «Wol» жеткізу компаниясында жұмыс істейді. Айта кетейік, Қазақстанда жеткізу қызметін ұсынатын негізгі платформалар қатарында Yandex, Glovo, inDrive, Wolt бар.

Қиындықсыз жұмыс болмайды

Курьерлік қызметтің қызығы да, қиындығы да қатар жүреді. Оңай жұмыс жоқ.

– Біріншіден, ауа райы өте қолайсыз. Бірде суық, бірде жаңбыр, бірде қар дегендей. Сонымен қатар жеткізу кезінде кейбір көпқабатты үйлерде лифт істемей қалады. 15-20 қабатқа дейін баспалдақпен көтерілуге кейде шамаң жетпей қалады. Автотұрақтың жоқтығы да қиындық тудырады. Бұл барша курьерге кедергі болатын жайт, – дейді Төлжан.

Тапсырыс берушілердің арасында дөрекілік танытатындар да бар екен. Әрине, адамның бәрі бірдей емес. Дегенмен еңбекті бағалау керек екенін кейде ұмытып кетіп жатамыз.

– Сол күні қар жауып тұрды. Дала суық, боран. Дәріханадан екі затқа тапсырыс түсті. Екеуінің мекенжайы бір жерде екен. Тапсырысты беру үшін тұтынушыға хабарласам, ұялы телефоны өшірілі. Екі-үш рет қайта қоңырау шалуға мәжбүр болдым. Телефон алмаған соң, көлігімнен түсіп, қақпасын қақтым. Біраз күттім, тырсе етпеді. Бір кезде ер адамның дауысы естілді. «Кімсің?» деп айқайлады. «Диана есімді қыз осы үйде тұра ма?» дегенім сол еді, «қызым ұйықтап жатыр, мазалама» деп ұрыса жөнелді. Қызының тапсырыс бергенін айтып, зат келгенін растау үшін құпия сөзді айтуын өтіндім. «Ұйқыдан тұрсың, сол кезде айтамын», деді. Қайтадан айқайға басып: «сен неге қақпаны ұрасың?» деп ашуланды. Шыны керек, жүрегім ауырды. «Мен де біреудің қызымын ғой. Бұл жұмыстан байлық кетпеймін, дегенмен өзімді асырауға жетеді» деп өзімді қорғауға тырыстым. Міне, өмірде неше түрлі адамдар болады. Оның ойынша, мен қызының ұйқыдан тұрғанын қақаған аязда, сыртта күтіп тұруым керек екен. Ондай боларын білгенде тапсырыс бермеуі керек еді ғой. Бұл тек менің ғана мәселем емес, барша курьерлердің жанайқайы, – дейді ол.

Иә, курьер болу оңай емес. Дегенмен адам жұмысына намыстанбауы керек. Жұмысы жоқ болғанына намыстануы тиіс.

А.БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Жаман ұлт болмайды...

Әрине, адамның бәрі бірдей емес. Жылы сөзбен демеп, қамқорлық танытатындар да бар. Мұндайда қуанып қалатынын айтты.

– Бірде әуесжай жаққа тапсырыс түсті. Күн суық, сықырлаған аяз. Тапсырыс беруші орыс әйел екен. Жүзі жылы. Жаурап тұрғанымды көріп, «үйге кіріп, шай ішіңіз» – деп қайта-қайта қолқа салды. Сонда түсінгенім, жаман ұлт болмайды, жаман адам болады екен.

Басы 1-бетте

Намысты жинап қоюға тура келді

– Егер курьер боламын деп бекісеніз, намыстанудың қажеті жоқ. Жалпы адам өмірде бір жетістікке жетемін десе, «ел не дейді, жұрт не ойлайды?» деген пікірді ысырып қою керек, – дейді Төлжан.

Тағы бір кейіпкеріміз – қызылордалық Аслан Назаров (аты-жөнін өзгертуді қалады автор). Бүгінде оның курьерлік қызмет атқарып жүргеніне үш жыл болыпты. Күн сайын таңнан кешке дейін қала көшелерін шарлап, тұрғындардың тапсырысын уақыттылы жеткізу міндетін адал орындап жүргенін айтты.


– Курьер болу – оңай жұмыс емес. Ептілік, шыдамдылық, жылдамдық қажет. Түрлі тапсырыс беруші бар. Олардың әрқайсысының мінезі де әртүрлі. Сондықтан шыдамдылық қажет. Кейде ауа райы қолайсыз болады, кейде тапсырыс саны көбейіп кетеді. Қалай болғанда жұмысты уақыттылы орындау керек. Тапсырыс берушілердің пікірі де маңызды. Олар әрбір тапсырысты жеткізгеннен кейін, біздің жұмысымызға баға береді. Сол арқылы көрсеткіш деңгейі де артады. Дегенмен Қызылордада курьер болу басқа қалаларға қарағанда әлдеқайда оңай. Қала іші жақын, аса бір кептеліс жоқ. Діттеген жерге жарты сағаттың ішінде жетуге мүмкіндік бар, – дейді ол.

Асланның айтуынша, бұл салада уақытпен жарысу – үйренішті жағдай. Әр тапсырыстың артында күтіп отырған адам бар. Сондықтан кешігу – тек уақыт жоғалту емес, сенімге селкеу түсіру. Үлкен қалалармен салыстырғанда жол кептелісі жоқ десек те, Қызылорданың жаз айларындағы аптап ыстығы, күз, көктем мезгілінде дауылға қарамай жұмыс істеу курьерлерге оңай тимесі анық. Мақала дайындау барысында курьер қызметі туралы тұрғындардың да пікірін білген едік.

– Қазір есік алдына шығуға ерінетін заман болды. Қарбалас өмір. Дегенмен курьер қызметінің болуы бізді қуантады. Уақытты үнемдейді. Қазір тағамға тапсырыс берсек те, дүкеннен киім алсақ та курьерге жүгінеміз. Біз үшін қолайлы, – дейді Ақжан Айтбай.

– Курьер қызметі арқылы кез келген тауарды алдыра аламыз. Үйде отырып-ақ тапсырыс беру өте тиімді. Барып келемін дегенше сол шығын кетеді. Курьер арқылы керек дүниені алдыртып, ақша мен уақытты үнемдеймін, – дейді Инабат Ермұратова.

Иә, курьер болу оңай емес. Дегенмен адам жұмысына намыстанбауы керек. Жұмысы жоқ болғанына намыстануы тиіс.



Ақ Олимпиаданың алғашқы алтыны!

Михаил Шайдоров 2004 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Алғашқы бапкері – әкесі, мәнерлеп сырғанаудан ел чемпионы Станислав Шайдоров. Әке жолын жалғаған спортшы алты жасынан бастап мұз айдынында кәсіби дайындыққа кіріскен. Ал 2018 жылдан бастап халықаралық аренада көзге түсті. Италиядағы Egna Spring Trophy турнирінде жүлделі орыннан көрініп, Стамбулда өткен Bosphorus Cup жарысында күміс медаль иеленді. Кейін Қазақстан чемпионаттарында топ жарып, Sofia Trophy турнирінде қола жүлдеге ие болды. Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп алып, халықаралық деңгейдегі мықты спортшы екенін дәлелдеген.

2025 жылы Денис Тен мемориалы турнирінің жеңімпазы атанып, төрт құрлық чемпионатының Challenge Cup додасында топ жарған. Сол жылы Азия ойындарының қола жүлдесін және әлем чемпионатының күміс медалін иеленді. Ал 2026 жылғы Милан Олимпиадасында тарихта қалды. Қазақстан құрамасы қысқы Олимпиада ойындарында мәнерлеп сырғанауда 30 жылға жуық уақыт алтын жүлдеге қол жеткізе алмай келген еді. Михаил Шайдоровтың бұл жеңісі ел спорты үшін жаңа кезеңнің басталғанын аңғартты. Марапаттау рәсімінде көк байрағымыз көкке көтеріліп, Италия төрінде Әнұранымыз шырқалды.

Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында өтіп жатқан XXV қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан 36 спортшы 10 спорт түрі бойынша сынға түсуде. Бұл – ел тарихындағы қысқы ойындарға қатысқан ірі құрамалардың бірі. Қазақстан құрамасында тәжірибелі спортшылармен қатар, Олимпиадаға алғаш рет қатысып отырған жас спортшылар да бар.

Бүгінге дейінгі нәтижелерге тоқталсақ, Қазақстан үшін ең маңызды көрсеткіш фристайл-могудан тіркелді. Юлия Гальшешва, Анастасия Горюшко және Аяулым Әмренова іріктеу кезеңінен өтіп, финалда өнер көрсетті. Финалда А.Горюшко 72.15 ұпай, Ю.Гальшешва 72.34 ұпай, А.Әмренова 68.47 ұпай жинады. Алайда ережеге сәйкес алғашқы кезеңнен кейін үздік сегіздікке енген спортшылар ғана жүлде үшін күреседі. Осылайша үш қазақстандық спортшы да жарыстың финалдық кезеңде аяқтап, жүлдесіз қалды. Дегенмен олардың финалға шығуы – жақсы нәтижелерінің бірі. Сондай-ақ биатлонда қазақстандық спортшылар жекелей сында жоғары нәтиже көрсете алмады. 15 шақырымдық жарыста Айша Рақышева 86-орын, Милана Генева 89-орын иеленді. Екі спортшы да Олимпиадаға алғаш рет қатысып отыр. Бұл сайыста Болгария өкілі Лора Христованың қола жүлде алуы басты сенсациялардың бірі болды, ал Франция спортшылары көш бастады. Қазақстандық биатлоншылар алдағы жарыстарда нәтижені жақсартуға мүмкіндік алады. Бастысы, тәжірибе.

Жарыстың алтыншы күні Қазақстаннан жеті спортшысы жарыс жолына шықты. Александр Скорородова тау шаңғысының супергигант түрінде сынға түсті. Павел Колмаков финалға шығып, өз бағдарламасын орындады. Шаңғы жарысында Надежда Степашкина, Ксения Шалыгина, Анна Мельник және Дарья Рязко бақ сынады. Ал Надежда Морозова 5 мың метр қашықтықта конькимен жүгіру жарысына қатысты. Надеждадан күтетін үміт көп. Дегенмен, шаңғымен тұғырдан секіру сайысында Данил Васильев әзірге 27-орында тұр. Ал Илья Мизерных финалда 281,6 ұпай жинады.

Италияның Валь-ди-Фьемме кластерінде өткен үлкен трамплин сайысында Илья Мизерных пен Данил Васильев финалда өнер көрсетті. Илья Мизерных іріктеу кезеңінде көпшілікті таңғалдырып, ТОП-10 қатарына енді.

Жүлдегерлер: 1-орын – Домен Превц (Словения) – 301.8 ұпай, 2-орын – Рен Никайдо (Жапония) – 295.0 ұпай, 3-орын – Кацпер Томасяк (Польша) – 291.2 ұпай, 8-орын – Илья Мизерных – 281.6 ұпай, 27-орын – Данил Васильев – 235.9 ұпайды қанжығасына байлады. Илья Мизерных жарыс барысында Олимпиада чемпионы Филипп Рейманд (Германия), Йоханн Андре Форфанг (Норвегия), Андреас Веллингер (Германия) сынды спортшылардан оза шықты. Осылайша шаңғымен тұғырдан секіруден Илья Мизерных Қазақстан тарихындағы ең үздік нәтижені тіркеді. Ал шорт-тректе Ольга Тихонова 1000 метр қашықтықта бақ сынап, келесі кезеңге өте алмады. Ал Павел Колмаков жұптық могул сайысында француздық спортшыдан басым түсіп, келесі кезеңге өтті.



Қос спортшы ширек финалға шықты

Милан қаласында өтіп жатқан XXV қысқы Олимпиада ойындарында шорт-тректен ерлер арасындағы 500 метрге іріктеу жарыстары басталды. Қазақстан құрамасының көшбасшылары – Денис Никиша мен Абзал Әжғалиев келесі кезеңге жолдама алды.

Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы Денис Никиша мен Абзал Әжғалиев өз тобында бірінші болып келіп, ширек финалға тікелей жолдама иеленді. Тәжірибелі спортшы жарыс барысында сенімді өнер көрсетті.

көрсеткіші бойынша ол ширек финалға өтті. Айта кетейік, Миландағы салтанатты ашылу рәсімінде Мемлекеттік туды ұстап шығу мәртебесі де Никишаға сеніп тапсырылған болатын.

Ал әлем кубогы кезеңдерінің және Азия ойындарының чемпионы Абзал Әжғалиев өз тобында бірінші болып келіп, ширек финалға тікелей жолдама иеленді. Тәжірибелі спортшы жарыс барысында сенімді өнер көрсетті.

Айдана
БАХТИЯР



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3875 Тапсырыс №267

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР